

Шиелі аудандық мәслихатының 2018 жылғы 31 мамырдағы "Шиелі ауданы Гигант ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиналысының Регламентін бекіту туралы" №24/8 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2021 жылғы 31 наурыздағы № 4/22 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 2 сәуірде № 8242 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына, "Қызылорда облысының кейбір әкімшілік-аумақтық бірліктерін қайта атау туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № 151 және Қызылорда облыстық мәслихатының 2020 жылғы 11 желтоқсандағы №522 бірлескен қаулысы мен шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 7934 нөмірімен тіркелген) сәйкес, Шиелі аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Шиелі аудандық мәслихатының 2018 жылғы 31 мамырдағы "Шиелі ауданы Гигант ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиналысының Регламентін бекіту туралы" №24/8 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 6327 нөмірімен тіркелген, 2018 жылғы 27 маусымда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің тақырыбы мен 1-тармағында және шешіммен бекітілген Шиелі ауданы Гигант ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиналысының Регламентінде:

бүкіл мәтін бойынша "Гигант" деген сөздер тиісінше "Бәйтерек" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шиелі аудандық мәслихаты сессиясының төрағасы

Е. Женсиқбаев

Шиелі аудандық мәслихат хатшысы

Т. Жағыпбаров